

<sup>1</sup>Дүйсенов Б.Д.  <sup>2</sup>Әмірбекова С.К.  <sup>3</sup>Пилтан Ю. 

<sup>1,2</sup>Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>[bagdat75@inbox.ru](mailto:bagdat75@inbox.ru), <sup>2</sup>[sagynysh.amirbekova@mail.ru](mailto:sagynysh.amirbekova@mail.ru), <sup>3</sup>[yousefpiltan@gmail.com](mailto:yousefpiltan@gmail.com)

## М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «РИСАЛА-ЙИ ЖАНА’ИЗ» ТРАКТАТЫ: КОДИКОЛОГИЯ, АТРИБУЦИЯ, СЫНИ МӘТІН

**Аңдатпа.** Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасына жататын «Рисала-йи жанайиз» еңбегінің кодикологиялық, текстологиялық және деректанулық талдауы ұсынылады. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы №1171 папкада сақталған нұсқа (А нұсқа) және әулеттік мұрағаттағы нұсқа (Б нұсқа) қарастырылды. Бұған дейін Мәшһүр Жүсіптің 20 томдық шығармалар жинағында «Діни уағыз (бесінші нұсқа)» деген атаумен жарияланған мәтіннің шынайы атауы мен жанрлық табиғаты айқындалып, оның дербес фикһтық трактат – «Рисала-йи жанайиз» екендігі дәлелденді. Мақалада қолжазбалардың құрылымы, қағаз сипаты, жазу үлгісі (наста’лик), көшірушілердің қолтаңбалық ерекшеліктері, беттердің орналасу реті мен мәтіндік ақаулары сипатталып, екі нұсқа негізінде сыни мәтін түзудің принциптері көрсетіледі. Сыни мәтін араб графикасында беріліп, оның латын графикасындағы транслитерациясы мен қазіргі қазақ тіліне бейімделген еркін аудармасы жасалғаны айтылады. Зерттеу барысында еңбектің тілдік қабаты (түркі-шағатай негізі, араб-парсы лексикасы, қазақ, татар, түрік тілдік элементтері), фикһтық дереккөздері (ханафи мәзһабы аясындағы классикалық еңбектер, Құран аяттары мен хадистер) анықталып, жаназа рәсімдері, мирас, фидия, исқат, дәуір мәселелерінің мазмұны талданады. Сонымен қатар мәтіндегі қазақ қоғамына қатысты әлеуметтік-этикалық сын (әйел мирас құқығы, жаназа рәсіміндегі бұрмалаушылықтар) Мәшһүр Жүсіптің басқа шығармаларымен салыстырыла отырып, авторлық атрибуция мәселесі нақтыланады. Қорытындысында «Рисала-йи жанайиз» тек діни-фикһтық трактат қана емес, XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының құқықтық, этнографиялық және рухани өмірін айғақтайтын құнды дерек көзі екендігі тұжырымдалады. Еңбекті ғылыми айналымға сыни мәтін негізінде енгізу Мәшһүр Жүсіп мұрасын жаңаша пайымдауға және қазақ исламдық жазба дәстүрін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (ЖТН: BR28712621).

**Кілт сөздер:** Мәшһүр Жүсіп, қолжазба, деректану, кітапхана, кодикология

### Кіріспе

Қазақ жазба мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу, әсіресе араб графикасында сақталған қолжазбаларды кодикологиялық және текстологиялық тұрғыдан талдау – отандық гуманитарлық ғылымның өзекті бағыттарының бірі. Соның ішінде XIX–XX ғасырлардағы ғұрыптық-салттық, діни-ағартушылық, сопылық мазмұндағы еңбектер әлі де толық жүйеленіп, сыни мәтін негізінде ғылыми айналымға түсті деп айту қиын. Осындай зерттелуі өте өзекті шығармалардың бірі – «Ғылым ордасы» РМК-ның Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына тиесілі «Рисала-йи жанайиз» еңбегі.

Бұл еңбек осы күнге дейін арнайы зерттеу объектісіне тартылмай, ғылыми әдебиетте дербес трактат ретінде танылмай, Мәшһүр Жүсіптің 20 томдық жинағының 14 томында «Діни уағыз» деген атаумен ғана жарияланған. Оның үстіне, 14-ші томда мәтіннің атауы, жанрлық табиғаты және мазмұндық құрылымы нақты айқындалмаған, сонымен қатар аударма барысында текстологиялық және лексикалық түсініксіздіктер жол алған. Бұл жағдай проблемалық ахуалды көрсетеді: біріншіден, шығарманың түпнұсқалық атауы мен авторлық атрибуциясы толық дәлелденбеген; екіншіден, қолжазба мәтінінің ғылыми талапқа сай сыни басылымы жасалмаған; үшіншіден, кодикологиялық сипаттамасы мен дереккөздік негізі жүйелі зерттелмеген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, қазақтың исламдық жазба дәстүрін, әсіресе ханафи-матуриди бағытындағы фикһтық мұраны кешенді түрде зерделеу – қазіргі ұлттық тарихи сана мен рухани мұраны жаңғырту үдерісінде ерекше маңызға ие. Екіншіден, «Рисала-йи жанайиз» тек діни трактат емес, XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының құқықтық, әлеуметтік және этнографиялық болмысын танытатын дереккөз болып табылады. Үшіншіден, қолжазбаның екі нұсқасының (Орталық ғылыми кітапхана қорындағы және әулеттік мұрағаттағы) салыстырмалы талдауы мәтінтану, атрибуция және кодикология салалары үшін жаңа ғылыми нәтижелер береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына тиесілі «Рисала-йи жанайиз» еңбегінің қолжазба нұсқалары бұл зерттеудің нысанына айналып отыр. Аталған еңбектің кодикологиялық ерекшеліктері, мәтіндік құрылымы, дереккөздік негізі, тілдік қабаты және авторлық атрибуция мәселесі жан жақты терең зерттеуді қажет ететін негізгі бағыты болып табылады. Мақаладағы басты мақсатымыз – «Рисала-йи жанайиз» еңбегінің дербес трактат екенін дәлелдеу, қолжазбалардың негізінде ғылыми талапқа сай сыни мәтін түзу және шығарманы текстологиялық әрі кодикологиялық тұрғыдан кешенді сипаттау.

Зерттеу алаңына тартылып отырған шығарманы зерттеу барысында қолжазбалардың сақталу жағдайын, материалдық сипаттамасын және көшірушілік ерекшеліктерін анықтай отырып, екі нұсқаны салыстырып, мәтіндік айырмашылықтарын талдап, шығарманың құрылымын, жанрлық табиғатын айырып анықтап, тілдік қабатын (түркі-шағатай негізі, араб-парсы лексикасы, қазақтық элементтер) саралап, шығармада кездесетін Құран аяттары, хадистер және классикалық фикһ еңбектерін анықтап, сыни мәтінін жасап, транслитерация және қазіргі қазақ тіліне бейімделген аудармасын дайындау жұмыстарын атқаруды көздедік.

Осыншалықты атқарылған көп міндеттердің нәтижесінде «Рисала-йи жанайиз» – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының төл еңбегі болып табылады және ол бұрынғы жарияланымдарда көрсетілгендей жай «діни уағыз» емес, құрылымы жүйеленген, фуру' әл-фикһ саласына жататын арнайы трактат екендігін тереңірек танып, таныта түсуге жол ашылды. Бұл зерттеу қазақ исламдық жазба дәстүрін, Мәшһүр Жүсіп мұрасын және XIX ғасырдағы қазақ қоғамының діни-құқықтық мәдениетін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Зерттеу барысында кодикологиялық сипаттау, салыстырмалы текстологиялық талдау, деректанулық сараптама, филологиялық интерпретация әдістері қолданылды. Қолжазбаның материалдық ерекшеліктерін (қағаз, сия, жазу түрі, нөмірлеу) сипаттау үшін кодикологиялық әдісі, екі нұсқаны жолма-жол салыстыру арқылы сыни мәтін құрастыру үшін салыстырмалы текстологиялық әдіс, мәтіндегі Құран аяттары мен хадистерді түпнұсқа дереккөздермен салыстыру үшін деректанулық әдіс, тілдік қабатты (шағатай, араб-парсы, түркі элементтері) саралау үшін филологиялық талдау әдісі, Мәшһүр Жүсіптің бұл еңбегін басқа шығармаларымен мазмұндық салыстыру арқылы авторлық атрибуцияны негіздеу үшін интертекстуалдық әдіс, мәтіннің әлеуметтік-этикалық мазмұнын тарихи контекстте түсіндіру мақсатында герменевтикалық әдістері қолданылды.

Жабдықтық қамтамасыз ету ретінде қолжазбалардың жоғары сапалы электронды көшірмелері, мәтіндерді салыстыруға арналған цифрлық редакциялау құралдары және араб графикасын өңдеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдар мен жасанды интеллект платформалары пайдаланылды.

*Материалға сипаттама.* Зерттеудің негізгі материалы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына тиесілі «Рисала-йи жанайиз» еңбегінің екі қолжазба нұсқасы. Оларды А нұсқасы және Б нұсқасы деп екі нұсқа түрінде қолдандық:

1) А нұсқасы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы №1171 папкада сақталған мәтін. Бұл папка 1048 беттен тұрады, оның ішінде «Рисала-йи жанайиз» мәтіні 461<sup>а</sup>–513<sup>б</sup> парақтар аралығында орналасқан (барлығы шамамен 52 парақ). Қолжазба бірнеше көшіруші тарапынан жазылған, қағаз сапасы мен жазу үлгісі әркелкі, наста<sup>а</sup>лыққа ұқсас жазумен түсірілген. Мәтін толық емес: кіріспе бөлігі мен соңғы бөлімдері сақталмаған, парақтардың орындары ауысып кеткен фактілері байқалады.

2) Б нұсқа – әулеттік мұрағатта сақталған қолжазба. Бұл жинақ ішінде «Рисала-йи жанайиз» дербес атаумен (1<sup>б</sup> бет) көрсетілген. Жалпы көлемі – 84 бет (1<sup>б</sup>–43<sup>а</sup>), мәтін 10–15 жолдан тұратын беттерге қара сиямен, көркем *наста<sup>а</sup>лық* жазуымен түсірілген. Бұл нұсқаның бас жағы толық болғанымен, соңғы бөлімдері сақталмаған.

Зерттеу материалының сапалық сипаттамасына тоқталып өтсек, мәтін араб графикасымен жазылған және тілдік негізі түркі-шағатай тілінде жазылған. Мәтінде араб және парсы лексикасы мол, қазақ, татар, түрік тілдік элементтері де кездеседі. Шығарманың мазмұны *фуру<sup>а</sup> әл-фиқһ* саласына жататын жаназа, *мирас*, *фидйа*, *исқат*, *дәуір* мәселелерін қамтиды.

Мәшһүр Жүсіп мұрасы әдебиеттану, фольклортану және тарих салаларында кеңінен зерттелгенімен, оның тарихи, діни және т.б. тақырыптардағы ғылыми трактаттары арнайы кодикологиялық және текстологиялық тұрғыдан жүйелі түрде қарастырылмаған. «Рисала-йи жанайиз» бұған дейін 20 томдық жинақтың 14 томында «Діни уағыз (бесінші нұсқа)» атауымен жарияланып, дербес трактат ретінде танылмаған. Бұған дейін шығарманың сыни мәтіні түзілмеген, атрибуция мәселесі арнайы зерттеу нысаны болмаған. Осы олқылықтар аталған зерттеудің қажеттілігін айқындайды.

### Талқылау

Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тікелей бастамасымен 1959 жылы 22 қаңтарда құрылған. Қазақстандағы сирек кітаптар мен қолжазбалардың негізгі қоры сол жылдардан бері жинақталып келеді. Бұл қорларда қазақ, араб, парсы, шағатай, татар және басқа да шығыс тілдеріндегі шамамен 3650 папка материал жинақталған. Ең көне жазбаларға 700–800 жыл болған. Орталық ғылыми кітапханада 2151 папка, яғни 22 мыңнан астам мәтін сақталған. Осы қалың қолжазбалар арасында сақталған қазақтың әдебиеті мен мәдениетінің, тарихы мен танымының ірі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасын зерттеу – бүгінгі таңда өте өзекті мәселелердің бірі.

Мәшһүр Жүсіптің мол ғылыми мұрасы, шығармаларының қолжазба күйіндегі бір бөлігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК Орталық Ғылыми кітапханасының (ҚР ҒЖБМ ҒК ҒО РМК ОҒК) Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы.

ОҒК қорындағы инв. № 1835 папкада Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларына ең алғашқы болып ғылыми сипаттама жасаған ғалым, филол.ғыл.докт. Мұратбек Бөжеевтің «Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбаларына берілген сипаттама» атты аса құнды еңбегі сақталған. Қолжазба күйінде сақталған бұл еңбекте Мәшһүр Жүсіптің өз қолы анықталған, мұнда ғалым

М.Ж. Көпейұлының 139 шығармасына ғылыми сипаттама жасаған және шығармалардың алфавиттік тізімін түзіп шыққан (ОҒК. №1835 папка, 1048 б. 271б.). Бұл материалдар кейіннен «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» еңбегіне енген (Қазақ қолжазбалары, 1986: 38-74).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи-ғылыми мұрасын зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы Лаура Қуандыққызы Жүсіпованың «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – деректанушы» атты еңбегінде ғұламаның «Қазақ түбі» шығармасы қазақ тарихына арналған топтама екендігі айтылып, жан-жақты зерттелген (Жүсіпова, 2013).

Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеу ісі Тәуелсіздіктен кейін өте қарқынды дамыды. 2013 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының толық жинағы ретінде 20 томдығы жарық көрді. Біздің зерттеу нысанына алып отырған «Рисала-йи жанайиз» шығармасы 20 томдықтың 14-ші томында «Діни уағыз (бесінші нұсқа)» деген атпен жарияланған. 20 томдықтың 14-ші томын шығарушылар туралы кітапта мынадай мәлімет берілген: «Кітапты араб тілінен аударып, құрастырып, баспаға әзірлеген – С.А. Ахметниязов, Қ.Қ. Талқанбаева, Д.Қ. Матаев» (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 2). Құрастырушылар «Діни уағыз» деген атаумен жалпы саны 15 нұсқа берген. Бұл 15 нұсқаны әуелгі бөлігінде 6 нұсқаны бір бөлек, кейіннен 9 нұсқаны бір бөлек берген. Шығарушылар қандай мақсатта «Діни уағыз» деп атады, не себепті 15 қылмай 2 топқа бөлгені туралы түсіндірме бермеген. 14-ші томды шығарушылар шығарманың ішінде Құран аяттары немесе хадистер кездескен соң бұл жазбаларды «Діни уағыз» деп атаған болу керек деп топшылаймыз.

Біз қарастырып отырған «Рисала-йи жанайиз» осы 15 нұсқаның ішіндегі алдыңғы бөлігінде 6-шы нұсқаның қатарындағы 5-ші нұсқа, яғни, 114-143 беттерде берілген материал (Мәшһүр Жүсіп, 2013: 114-143).

«Діни уағыз (бесінші нұсқа)» деп атаған бұл еңбекті оқып отырған адам бір нәрсе түсінуі мүмкін емес. Шығарушылардың жасаған аудармасы сын көтермейді. Себебі, араб тіліндегі сөйлемдерді кирилл жазуымен транскрипциялап, транслитерациясын жасауға талпынған. Бірақта көп жері түсініксіз. Сөзіміздің дәлелі болуы үшін 14-ші томды шығарушылардың Мәшһүр Жүсіптің арабжазулы қолжазбасын аударып, кітапқа берген беттерінен үзінді келтірейік.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының 14-ші томы, 117-ші бетіндегі «Діни уағыз (бесінші нұсқа)» атты еңбектің аудармасынан үзінді:

*«Бап фи баян уасиәт әл-мәйт [1102]*

*Әй, бір әдәр мәғлұм [1103] болсаң бір кісі барша малының үштен бірі бірле иә ондан азы бірле уа артындан басқа осына дұрыста болар. Егерше уәрис мұңқар [1104] болмаста да ләкин үшінің бірінден көпке уәрис бұри уасиәтдан [1105] басқа һәйб уасиәт [1106] дұрыста емес дұр. Әммә бір уәрисні екінші уәриснің рұқсатынан басқа аслан һәббә уасиәт [1107] дұрыста емес дұр. Әммә бір уәрисні екінші уәриснің рұқсатынан басқа аслан һәббә уасиәт [1107] дұрыста емес дұр. Уакн уасиәт өлгеннен соң бөртiлерлiк өлiктен қалған мал әууәл оның нәһар уа тәкфин [1108] уа дәфинә [1109] харф [1110] қылынар. Егер мұндан калса кісіге бере алса... болса оң болар».*

Кітаптан алынған осы үзіндіден бір де бір нәрсені түсіну мүмкін емес. Шығарушылар тікжақшаға нөмірлеп отырып түсініктемелер берген екен. Оны ашып қарасақ былай болады: «Бап фи баян уасиәт әл-мәйт [1102] – Әсиет айту жайлы мәселе». Бұл жерде «бап» деп бергені араб тілінде негізгі мағынасы «باب» – «баб» – есік болғанымен, қолжазбаларда «тарау, бөлім» сөздерінің орынына қолданылады. Сонда шығарушылар аударғандай «бап» сөзі «мәселе» емес «бөлім» болып аударылуы қажет. Анығында бұл «Марқұмның әсиеті туралы бөлім» болып аударылуы қажет еді.

Одан кейінгі сөйлемге келсек, «Әй, бір әдәр мәғлұм» деген тіркесте «бір әдәр» емес, кәдімгі қазақ тілінде кездесетін «пірадар» сөзі. Бұл жерде «Әй, бауырым» деген қаратпа сөз қолданылған. Келесі «Егерше уәрис мұңқар...» деп басталатын сөйлемдегі «мұңқар» сөзі

қолжазбадағы әуелгі мағынасынан мүлдем басқа сипатта аударылған. Себебі қолжазбадағы *مونكا* – мұңа яғни, «бұған» сөзі, «мүнкәр» – «сенбеген, «жоққа шығарушы» (иман етпеген) деп аударылып толықтай басқа мағынаны береді. Осы сынды қателіктерді мәтіннің өн бойынан көп көруге болады.

Одан бөлек, шығарушылар шығарманың нақты атауын да анықтамаған. Бұл қолжазбаның «Діни уағыз (бесінші нұсқа)» емес «Рисала-йи жанайиз» екендігін анықтау біраз қиындықтар тудырды. Оны анықтау үшін Орталық ғылыми кітапханадағы №1171 папканы қарап, түпнұсқаны оқыған соң бұл еңбектің жәй ғана «Діни уағыз» емес, белгілі бір еңбек екені анықталды. Бұл еңбектің толық нұсқасын іздеуді көздеп, көп кітап ақтарылды.

«Сабақты ине сәтімен» демекші, Павлодар облысы Баянауыл ауданы Мәшһүр Жүсіп ауылының сыртындағы Ескелді шатқалында орналасқан Мәшһүр Жүсіп кесенесі жанындағы Мәшһүр Жүсіп музейінің қорынан осы шығарманың қолжазба нұсқасы табылды. Музей меңгерушісі әрі Мәшһүр Жүсіптің тікелей ұрпағы Әсет Пазылов мол мағлұматтар беріп әрі қолжазбаны пайдалануға көмек көрсетті. Бұл қолжазбаны қолға алып қарастырған соң, әулеттік мұрағаттан табылған қолжазбадан шығарманың атауы анықталды.

Орталық ғылыми кітапхана қорындағы қолжазбада кіріспе бөлімі мен соңғы беттері жоқ екендігін ескертуіміз керек. Ал әулеттік мұрағаттағы нұсқада кітаптың аты «Рисала-йи жанайиз» деп көрсетіліп, кіріспе бөлімі толық берілген. Бірақ хусни хатпен көркем көшірілген бұл қолжазбада да соңғы жағы толық емес. Сондықтан Орталық ғылыми кітапхана қорындағы қолжазбада болмаған беттерді әулеттік мұрағаттағы қолжазбадан толықтыруға тура келді.

Жаназа кітабының тақырыптары классикалық әдебиетке сай арабша берілген. Тақырыптары мынадай:

*باب في بيان أحوال المحتضر* - Баб фи баян ахуал әл-мухтажар (Төсек тартып жатқан кісінің (мұхтажардың) жағдайы жайлы бөлім);

*باب في بيان غسل الميت* – Баб фи баян ғасл әл-мәйит (Мәйітті жуындыру туралы бөлім);

*باب في بيان تكفين الميت* – Баб фи баян тәкфин әл-мәйит (Мәйітті кебіндеу туралы бөлім);

*باب في بيان وصيت الميت* – Баб фи баян уасият әл-мәйит (Марқұмның өсиеті туралы бөлім);

*باب في بيان صلوة الجنائزة* – Баб фи баян салат әл-жаназа (Жаназа намазы туралы бөлім);

*باب في بيان حمل الميت* – Баб фи баян хамл әл-мәйит (Мәйітті алып жүру туралы бөлім);

*باب في بيان دفن الميت* – Баб фи баян дәфн әл-мәйит (Мәйітті жерлеу жайлы бөлім);

*باب في بيان أحوال الميت* – Баб фи баян ахуал әл-мәйит (Марқұм жерленгеннен кейінгі ахуал туралы бөлім);

*باب في بيان قراءة القرآن* – Баб фи баян қира'ат әл-Құр'ан (Құран оқу туралы бөлім).

Бұл жерде тоғыз бөлім беріліп отыр. Бірақ әулеттік мұрағаттағы нұсқаның 2<sup>b</sup> бетінде жаназа үкімдерін «он бөлімде нақты баяндаймыз» деп бөлімдердің тақырыбы берілген. Соңғы бөлім тақырыбы «Уағыз-насихат» деп көрсетілген. Дегенмен екі нұсқаның да соңғы беттері толық болмағандықтан «уағыз-насихат туралы оныншы бөлім» жоқ.

Жоғарыдағы шығарушылар жіберген қателіктерді қайталамау үшін жан жақты толыққанды ғылыми тұрғыдан жариялауды көздедік. Ол үшін Орталық ғылыми кітапхана қорындағы №1171 папкадағы беттер мен Әсет Пазыловтан алған қолжазбадағы жетпейтін беттерді толықтыра отырып, текстологиялық талдау жасалып, сыни мәтін түзіліп шықты. Қолжазба араб жазуымен жазылғандықтан сыни мәтінді араб графикасында түздік. Осы сыни мәтіннің негізінде шығарманың латын графикасындағы транслитерациясы түзілді. Бұл транслитерация негізінде араб-парсы, түркі-шағатай сөздері мен қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөздер ажыратылып, шығарманың қазіргі қазақ тіліне бейімделген еркін аудармасы жасалды.

Мәтін түсінікті болу үшін 14-ші томды шығарушылардың жоғарыда берген тарауы негізінде мысал келтірсек. Осы тараудың араб графикасындағы сыни мәтіні:

*باب في بيان وصيت الميت*

ای برادر معلوم اولسون که بر کمسه بارچه مالینک اوچدان بری برله یا اندین ازی برله وارثندین باشقه کمسگه هبه وصیتی درست بولور اگر وارثی منکا رضا بولماسده لیکن اوچتنک بریندان کوبکه وارثی بورش وصیتدان باشقه هبه وصیتی درست ایماسدور اما بر وارثنه ایکنچی وارثننک رخصتینان باشقه اصلا هبه وصیتی درست ایماسدور وگنه وصیت اولکاندینسونک یورتلور لیکن اولوکدان قالغان مال اول آنک تجهیز و تکفین و دفنینه صرف قلنور اگر موندین قالسه کشیکا بیراسی بورچی بولسه انکه بولور.

Осы үзіндінің, яғни, «Марқұмның өсиеті туралы бөлім» үзіндісінің транскрипциясы:

«Bāb fī bayān vaşiyāti-l-māyūit.

Äy, biradār. Ma'lūm olsunki bir kimsä barça māliniñ uçdan biri birlä yä ändin äzī birlä vārisindin başqa kimsägä hibä vaşiyāti durist bolur ägär vārisī muña rizā bolmasada. Lekin uçniñ birindan kobkä borış vaşiyätidan başqa hibä vaşiyätī durist emasdur. Ammā bir vārisina ekinçi vārisinniñ ruḥṣatīnān başqa ašlā hibä vaşiyätī durist emasdur. Vā ginä vaşiyät ölkāndin şoñ yuritilur. Lekin ölükdän qalğan māl ävväl āniñ täjhīz vä täkfīn vä dāfninā şarf qılınūr. Ägär mundin qalsa kişikā berasī borçi bolsa aña bolur».

«Марқұмның өсиеті туралы бөлім» үзіндісінің қазіргі қазақ тіліне еркін аудармасы:

Марқұмның өсиеті туралы бөлім

Уа, бауырым! Бір кісі мал-мүлкінің үштен бірін немесе одан аз мөлшерін мұрагерінен басқа кісіге (мұрагерінің ризасы болмаса да) қалдыру үшін өсиет етуі дұрыс. Мал-мүлкінің үштен бірінің көбімен борышын өтеуден басқа мақсатта өсиет етуі дұрыс емес. Бір мұрагеріне екінші мұрагерінің рұқсатынсыз мал-мүлкін қалдыру үшін өсиет етуі мүлде дұрыс емес. Өсиет кісі қайтыс болған соң орындалады. Қайтыс болған кісінің мал-мүлкінен алдымен жаназа рәсіміне кезіндеу және жерлеу қаражаттары алынады. Егер бұдан артатын болса, берешек қарыздары төленеді. Егер бұдан да артатын болса, қалған дүниесінің үштен бірімен өсиеті орындалады. Осылардан қалған мал-мүлкін мұрагерлер арасында Алла парыз еткендей бөледі».

Шығарма тілдік тұрғысынан шағатай тілінде болғанымен түркі тектес басқа тілдегі сөздер де кездеседі. Шығармада қазақша, татарша, түрікше сөздер де қолданылған. Сондай-ақ, қазақ тілінде «пірге қол беруші», «мүрид» мағынасындағы (пірәдар) «бірадар» برادر сөзі қазіргі түрік тіліндегі семантикасы «бауыр» деп қолданылады (Қазақ тілінің, 2008: 683).

Шығармада бүгінгі түрік, әзербайжан тілдеріндегі кең қолданыс тапқан «дейлдур» ديگلدور сөзі де кездеседі. Бұның мағынасы қазақ тіліндегі «емес» деген болымсыздық мәнді көмекші етістік мағынасына сәйкес келеді. Сол сияқты, татар тілінде жиі қолданылатын «ашамак» اشامق – жеу сөзі де шығармада орын алған. Араб-парсы сөздері де көп қолданыс тапқан деуге болады. Кейбір жерлерде етістік араб тілінің әсерімен сөйлемнің бас жағында келеді. Бұл қазақ тілінің синтаксистік заңдылықтарына сай емес екендігі айдан анық. Шағатай-түркі кітаби тілдің кейбір олқылықтары оқырман қауымының түсініп оқуына қиындық туғызары сөзсіз. Дегенмен, шалқасынан – شالقاسنان, төркін – تورکين секілді таза қазақша сөздер мен «сырқау қадірін сау білмес, аш қадірін тоқ білмес, өлім қадірін тірі білмес» деген сияқты таза қазақы санаға сыйымды тіркестер шығарманың авторын анықтауға мол мүмкіндік береді. Осыған орай, жалпы оқырманға түсінікті болу үшін трактат толықтай қазіргі қазақ тіліне ыңғайланып, еркін аудармасы жасалды. Зерттеушілер түпнұсқамен еркін танысу үшін мәтіннің факсимилесі берілді, тілдік тұрғыда тез түсіну үшін мәтіннің транскрипциясы және транслитерациясы қоса берілді (Рисала-йи жанайиз, 2024).

Байқағанымыздай, қолжазба мәтіні негізінен түркі-шағатай тілінде жазылған. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп шығармаларын араб тілі мен парсы тілін жетік білетін, оған қоса, түркі-шағатай тілін меңгерген әрі дін мен ислам, тасаввуф ілімінен хабары бар мамандар аударып, ғылыми айналымға енгізуі қажет. Ақынның өзі «менің мұрамды жинап, зерттеу үшін Айып пайғамбардың шыдамдылығы, Нұқ пайғамбардың жасы керек, Ніл өзеніндей сия керек» деп айтпақшы, Мәшһүр Жүсіп алған білім мен ілімнің түйінін шешу үшін әлі талай еңбектер жазылары хақ (Дүйсенов, Назыр, 2024: 134).

### Зерттеу нәтижелері

Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы нұсқаға (әрі қарай – А нұсқа) сипаттама: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осы кітапта негізге алып отырған «Рисала-йи жанайиз» қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы №1171 папкада сақталған. Жинақтың мұқабасына «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің тарих, әдебиет, этнографиясынан жинағандары, 1920 жыл» – деп жазылған. Бұл папкада сырты тысталған, мұқабасы жасыл түсті қатты қағазбен қапталған, 1048 беттен тұратын кітап сақталған. Кітаптың биіктігі 18,5 см, ені 12,5 см, қалыңдығы 6,5 см. Папканың ішіндегі беттер бірнеше рет нөмірленген. Аталған папкадағы парақтарының жоғарғы сол жағына қызыл қаламмен сандық нөмір қойылған, барлығы 522 парақтан тұрады (1 сурет). Парақтар папкаға жинақталып тігілген кезде кейбір парақтардың орыны ауысып кеткен немесе түсіп қалғандығы байқалады. Жинақта тарих, әдебиет, этнографияға қатысты мәліметтермен бірге діни мазмұндағы уағыз, Құран, аят тәпсірлері, хадистер мен фикһқа қатысты мәліметтер де берілген. Қолжазба бірнеше кісі тарапынан көшірілгендіктен түрлі сипаттағы қағаздарға жазылған.

Аты аталған №1171 папканың 461<sup>a</sup>-513<sup>b</sup> парақтарында жаназаға қатысты шағатай тілінде жазылған еңбек орын алған (ОҒК. №1171 папка: 1048). Жазуы *наста'лиқ* жазу түріне ұқсас, бірақ айтарлықтай көркем жазылмаған. 501<sup>a</sup>-513<sup>b</sup> беттердің арасын бір көшіруші, 461<sup>a</sup>-474<sup>b</sup> беттерін басқа бір кісі, 475<sup>a</sup>-500<sup>b</sup> беттердің арасын тағы да бір басқа бөлек көшіруші жазған. Аталған еңбек екі түрлі сипаттағы қағазға жазылған. Біріншісі, 501<sup>a</sup>-513<sup>b</sup> беттер тігінен сызылған сызықтары бар сарғыш түсті қағазға жазылса, екіншісі, сарғыш түсті жәй қағазға жазылған. Көп беттердің ортасы, кейбір беттердің жан-жағы папкаға тігілгенде реставрацияланып, әрбір беттің шет жағы жағалай жұқа қағазбен желімделген.

Сонымен қатар, кейбір беттердің шеттерінде кейіннен кирилл немесе арап әріптерімен жазылған жазулар бар. Атап өтетін болсақ, 513<sup>a</sup> беттің сол жағында тігінен қара қаламмен кирилл әрпінде «Каскатай Адылхан», осы беттің жоғары жағында «К. Адылхан» деген жазулар бар. 505<sup>b</sup> беттің бірінші қатар жазуы мен екінші қатар жазуы арасында қара қаламмен орысша «Баян- Аульский», екінші қатармен үшінші қатар арасында «Трудовой» деген жазулар бар. Ал 461<sup>a</sup> беттің жоғары жағында көлденеңінен төңкеріле басылған мөр бар. Мөрде қара көк түсті сия сауытпен «846 14 /V/» деп нөмірленген жазу бар. Осы беттің төмен жағында араб әрпінде қара қаламмен ... كتاب اياسی قاسقا... (Кітап иесі Қасқа...) деген жазу бар. Соңғы жағы оқылмайды. Ал, 466<sup>b</sup> бетте: بورش اوچدان بری مالی ننک (Кітап иесі Қасқатай деп білесіздер) деген жазу бар. Бұл жазудан қолжазбаның иесі Қасқатай (Адылхан) екені мәлім болды, бірақта бұл адам туралы мүлдем ақпарат табылмады. 492<sup>b</sup> беттің сол жағында тігінен, ал, 493<sup>a</sup> беттің оң жағында тағы тігінен қара қаламмен кирилл әрпінде жазылған жазулар бар. Өкінішке орай, оқылмайды. 494<sup>b</sup> беттің төмен жағында тігінен араб әрпінде қара қаламмен жазылған жазу бар.

Сондай-ақ, еңбектің басы мен соңғы беттері жоғалған. Кейбір беттерінің орыны ауысып кеткен. Кітап тақырыптарына сай беттерді орналастырып шығатын болсақ алдымен: 513<sup>a</sup>-513<sup>b</sup>, 501<sup>a</sup>-505<sup>b</sup>, 506<sup>a</sup>-512<sup>b</sup>, 461<sup>a</sup>-490<sup>a</sup>, 491<sup>a</sup>-500<sup>b</sup> беттер орналасуы керек. Беттердегі жазу қатар саны әртүрлі болып, 7 қатардан 15 қатарға дейін өзгеріп тұрады. Орталық ғылыми кітапхананың №1171 папкасында сақталған бұл қолжазба толық емес әрі алғашқы беттері болмағандықтан еңбектің атауы да жоқ.

Әулеттік мұрағаттағы Б нұсқадағы (әрі қарай – Б нұсқа) «Рисала-йи жанайиз» шығармасы түрлі тақырыптарды қамтыған жинақта орын алған. Бұл жинақ беттері тігіліп

мұқабаға біріктірілген. Беттері ақшыл түсте болып қара сиямен *наста'лиқ* хатына ұқсас жазумен көркем жазылған. Бұл кітапша бір кісі тарапынан көшірілгені байқалады. Бірақ көшірген кісінің аты, жазылған жылы берілмеген.

Жинақ кітапшада: 1) «Лубаб» атты хадистер жинағы; 2) оразаға қатысты діни мәселелер жинағы (толық емес); 3) «Рисала-йи жанайиз» және басқа да түрлі тақырыптарда жазылған қысқа ескертпе жазулар топтастырылған.

Кітаптың аты 1<sup>b</sup> бетінде «Рисала-йи жанайиз» деп нақты көрсетілген (2 сурет). Беттер саны 84 бет (1<sup>b</sup>-43<sup>a</sup>), нөмірленбеген. Беттердегі қатар саны әртүрлі, 10-15 қатар болып келеді. Бұл нұсқаның бас жағы толық болғанымен соңғы жағы жоқ.

Мұсылмандардың құлшылық-ғибадат тәсілдерін, сауда-саттық, неке секілді қарым-қатынастарын реттейтін қағидаттар жинағы жалпы *фиқһ* деп аталады. *Фиқһ* ғылымы өз ішінде *усул әл-фиқһ* және *фуру' әл-фиқһ* деп екі топқа бөлінеді. *Усул әл-фиқһ* – *фиқһ*тық қағидаттардың негізі. *Фиқһ* үкімдерін дәлелдерге негіздеп түсіндіретін білім. *Фуру' әл-фиқһ* – қолданбалы қағидаттар жинағы. Ғибадат пен қарым-қатынас ережелерін баяндайды. «Рисала-йи жанайиз» кітабы *фиқһ* ғылымының *фуру' әл-фиқһ* деп аталатын қолданбалы *фиқһ* тармағына жатады.

Қолданбалы *фиқһ* (*фуру' әл-фиқһ*) жанрында жазылған дерлік барлық еңбектерде «жаназа» туралы жанама түрде ғана баяндалады. Кейбір кітаптарда жаназа жеке тарау ретінде берілсе, ал, кейбірінде «намаз» тарауында беріледі. Сонымен қоса жаназаға қатысты жеке трактаттар жазылған. Бұған дәлел, 1902 (Китаб рисалат, 1902: 16), 1905 (Рисалат, 1905: 16), 1908 (Китаб рисалат, 1908: 16) жылдарында Қазан қаласында үш рет басылған авторы белгісіз «Рисала фи-л-жанайиз» атты кітапты мысал ретінде келтіруімізге болады. Бұдан бөлек, Ыбырай Алтынсарин «Шарайит әл-ислам. Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында (Алтынсарин, 1884: 1-76), Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық кітабы» атты еңбегінде (Құдайбердіұлы, 2018: 138-147) жаназа мәселесін баяндаған.

ҚМДБ тарапынан басылған «Жаназа және жерлеу рәсімдері» атты кітапта жаназа рәсімдерімен қоса, «дәуір айландыру» мәселесі де Құран аяттары мен хадистер негізінде ханафи *фиқһ* бойынша кеңінен түсіндірілген (Жаназа, 2018: 83-85). Аталмыш еңбекте жазылған *фиқһ* мәселелердің «Рисала-йи жанайизда» айтылғандармен үндесіп жатқандығын байқауға болады.

«Рисала-йи жанайиз» трактатында осы тақырыпта жазылған еңбектер сияқты кейбір мәселелер Құран аяттары, Пайғамбар хадистерімен баяндалады. Ал, кейбір *фиқһ* мәселелерде ханафи мәзһабында кең қолданыста болған классикалық кітаптарға сілтеме жасалып отырған. Атап өтетін болсақ, мына Құран аяттарына сілтеме жасалған: «Бақара» сүресі 156 аят, «Тәубе» сүресі 60 аят, «Анғам» сүресі 164 аят, «Зумар» сүресі 10 және 30 аят, «Анкабут» сүресі 57 аят.

Хадис кітаптарынан: Әбу Дәуід әс-Сижистани мен Тирмизидің «Сүнән», Әбу-л-Қасым әт-Табаранидың «әл-Жами' әл-әусат», «әл-Мү'жам әл-кәбир» атты еңбектерін пайдаланған. Кітапта хадистердің қай хадис кітаптарынан алғандығы жайлы сілтеме жоқ. Тіпті, кей жерлерде хадистің толық мәтіні де берілмеген, тек мағынасы немесе сол тақырыпқа қатысты сілтеме ғана жасалып кеткен.

Сілтеме жасалған *фиқһ* кітаптары мыналар: Шамс ад-дин Мұхаммед әл-Куһистанидің (қ.б.ж. 1555) «Жами' әр-румуз», Ибраһим ибн Мұхаммед ибн Ибраһим әл-Халабидің (қ.б.ж. 1549) «Мултақа әл-абхур», Мұхаммед ибн 'Абдуллаһ әт-Темурташидің (қ.б.ж. 1598) еңбегі мен Имам әл-Биргауидің (1523-1573) «Тариқат Мұхаммадийа» атты еңбектері.

Мәшһүр Жүсіптің еңбегінің ерекшелігі, жаназаға қатысты *фиқһ* мәселелер қарапайым тілде баяндалады. Кезінде исі мұсылман, әсіресе, Орта Азия мұсылмандары жаназа рәсімінде кеңінен қолданыста болған мәйіт үшін садақа беру тәсілі (*фидйа*, *исқат*, *дәуір*) шарифатқа сай, яғни Ханафи мәзһабы бойынша түсіндірілген. Сонымен қатар, қайтыс болған кісінің артында қалған мал-мүлкін ұрпақтары арасында бөліске салу (мирас) мәселесі қарапайым

тілмен баяндалған. Сондай-ақ, әруаққа Құран бағыштау, Құран оқу әдептері жайлы да айтып өтеді.

«Рисала-йи жанайиз» шығармасын Мәшһүр Жүсіптің өз еңбегі деп бағалауға әбден болады. Өйткені кейбір тақырыптарда жаназа жайлы пәтуаларды баяндай келе, сол кездегі қазақ қоғамындағы жаназаға қатысты кейбір проблемаларды тілге тиек ететін орындары бар. Әсіресе, *та'зият* – жаназада көңіл айту мәселесін қазақи рәсімге сай кеңінен сипаттайды. Жаназаның артынан еру туралы айта келе, атпен жүрудің пәтуасын да түсіндіреді. «Мәйітті алып жүру туралы бөлімде» былай айтылған: «Адамдар жаназаның алдында немесе артында, оң немесе сол жағында жаяу жүруінде ағаттық жоқ. Бірақ артында жүру мұстахаб. Атқа мініп жүрсе де болады. Бірақ ат мінген кісі жаназаға ергендер шаңда қалмауы үшін жаназаның артынан жүруі керек. Алайда алдында алыстап кетсе зияны жоқ. Атқа мініп жүруден жаяу жүрген абзал».

Мирас мәселесінде сол кезде қоғамдағы әйелдер құқығына қатысты проблемаларды сөз етеді. «Мәйіттің ахуалы туралы бөлімде»: «Бірақ біздің елімізде тұл әйелдердің ризалығын алмай, күштеп, қорқытып ерге береді. Бұл қатты зұлымдық» дейді. Жалғасында: «Біздің елімізде мирас бөлісуде қатты зұлымдық етеді. Әсіресе, әйел мен қыздарға үлестерін бермейді» дейді.

Бұл Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс бап» өлеңіндегі мына шумақтармен өте ұқсас әрі пікірлес. Бірі өлеңмен жазылған болса, бірі қара сөзбен айтылғандай:

*Ұзатқан қызға тимес бізден мирас,  
Боламыз «мирас» – деген молдамен қас.  
Құранда Алла тағала қосқан жоқ па,  
Кәпір болар, Құранға сол иланбас.  
Бұйырған тағы мирас қатындарға,  
Бұл сөзді тыңдайтын кісі бар ма?  
Қатын-қызға мирасты бермек түгіл,  
Күң сияқты сатамыз, оны малға.*

\*\*\*

*Қыз алар бізден мирас ұзатылған,  
Тілесе қайда барсын боп мұсылман.  
«Шыққан қыз шейіттен тысқары» – деп айтылар,  
Бермейді оған мирас қазақ надан (Көпейұлы, 2021: 112).*

Біздің жорамалымыз бойынша Мәшһүр Жүсіп сол кездегі қажеттілікке байланысты осындай кітап жазған. Өйткені Мәшһүр Жүсіп сол кездегі жаназа рәсімдеріне қатысты туындаған кейбір проблемаларға куә болды, тіпті өзі де сол талас-тартыстың арасында жүрді. Кейде жаназа шығаратын молдалар мәйіт үшін *фидйя*, *исқат* секілді берілетін садақаға көп мал сұрайтын. Мәшһүр Жүсіп оларды қатты сынады және қарсы болды. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіпке қатысты естелік кітаптарда айтылады. Мәшһүр Жүсіпке қайын аға болып келетін Әбіш қажы атты кісі 1893 жылы қайтыс болады. Қайтыс болған кісінің жақындарының ұсынысымен Мәшһүр Жүсіп артық еш нәрсе талап етпей жаназа намазын шарифатқа сай шығарады. Оның бұл ісі молдаларға ұнамай, Мәшһүр Жүсіптің үстінен арыз-шағым жазады. Нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің рәсімі дұрыс екендігі мәлім болады (Шарапиев, 2023: 40–43). Тағы сол кездегі кейбір молдалармен *фидйя*, *дәуір*, *исқат* садақалар туралы келіспей қалған, сонда Мәшһүр Жүсіп Баянауылға барып осы мәселені *фиқһ* кітаптары негізінде түсіндіріп, ала арқан тартып азалы отбасынының малын алу дұрыс еместігін айтқан (Мәшһүр Жүсіп, 2013 (9 т): 422–424).

Міне, сондықтан Мәшһүр Жүсіп «дүмше молдалар» туралы қатты айтып, оларды әшкерелеген. Ол жаназаға қатысты дүмше молдалардың әрекетін әшкерелеп былай деген жері бар:

«Жаназа оқыдым!» – деп, бір алып,  
«Құран шықтым!» – деп, екі алып,  
«Қамыр садақасы» – деп, үш алып,  
Кәріпке деген садақаны және алып (Мәшһүр Жүсіп, 2023: 309).

Осыларды ескере келе, бұл еңбек араб не парсы тілінде жазылған *фиқһ* кітаптарының аудармасы емес екендігіне көз жеткіземіз. Әрине, қандайда бір кітап жазғанда сол тақырыпта жазылған басқа әдебиеттерден пайдалану табиғи нәрсе. «Рисала-йи жанайизды» жазу кезінде айтылғандай басқа да *фиқһ* кітаптарын пайдаланғаны көрініп тұр.

Ал, Мәшһүр Жүсіптің қайтыс болмай өз зиратын дайындатуы және соған қатысты ел аузында айтылып жүрген кейбір әңгімелердің анық-қанығын, ақиқат пен аңызын нақтылау бүгінгі зерттеушілер үшін маңызды тақырып.

Ислам *фиқһ*ында кісі қайтыс болмай зиратын дайындауында оғаштық жоқ. Кісі қайтыс болған соң оны жерлеудің исламда түрлі формалары бар. Бұл сол аймақтық жағрафиялық шарттарына байланысты. Кей аймақтарда мәйіт жерлеу үшін лахат жасалса, кей аймақтарда жарма жасалады. Зират үлгілері де аймақтарға қарай түрлі болады. Кеңдеу бір бөлме секілді зират жасауды *дахма* деп атайды. *Дахма* – жер үсті немесе жартылай жерасты жерлеу бөлмелері болып, төбесі шағын күмбездермен жабылған. Бұндай жерлерге көбінесе хандар, атақты ғалым-ғұламалар жерленген (Некрасова, 2006: 131–133). Самарқанд, Бұхара қалаларында *дахма* түріндегі зираттар көп кездеседі. Мәшһүр Жүсіп қабірін кең бөлме тәрізді жасатуы жоғарыда айтылған *дахма* үлгісінде жасамақ болғанын көрсетеді. Бірақ бұл күллі елдің барлығы осындай жасауы керек дегенді білдірмейді. Бұндай жағдай үлкен әулие мен атақты ғұламаларға ғана тән. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи алпыс үш жасынан кейін, яғни, пайғамбар жасынан соң, жер астына (хилует) түскені туралы айтылады. Бірақ бұл кез келген мұсылман жасайтын әдет емес қой. Бұндай әрекет Қожа Ахмет Ясауиға ғана тән ерекшелік. Сол сияқты, Мәшһүр Жүсіптің өзін ашық жерлетуі де әулиеге тән ерекшелік.

«Рисала-йи жанайиз» тек қана діни мазмұндағы шығарма емес, тарихи этнографиялық жағынан да құнды еңбек екенін атап өткеніміз дұрыс болады. Себебі XVIII–XIX ғасырларда қазақ даласында қайтыс болған адамды жерлеу туралы және жаназа рәсімдерін қалай атқарылғандығы туралы мәлімет береді. Қазақ даласында қоғамдық-әлеуметтік және отбасылық қарым-қатынастар халықтық салт-дәстүрге сай шарифат негізінде жүргізілгені мәлім. Ислам дінін ата-баба дәстүрімен үйлестіре ұстанған ел, сүнниттік бағыттағы ханафи-матуриди мәзһабын ұстанды.

### Қорытынды

Ата-баба мұрасын тани отырып тарихымызды білу, өткен ғасырларда қазақ даласындағы жаназа жерлеу рәсімі шарифатқа сай қалай атқарылғандығын сол кезде жазылған еңбектер негізінде көрсету – басты мақсаттардың бірі. Бабалардан қалған әдеби-тарихи, діни-сопылыққа қатысты ғылыми мұраларды зерттеу және насихаттау келешек ұрпақ тәрбиесіне маңызды деп білеміз. Жүргізілген кодикологиялық, текстологиялық және деректанулық талдау нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына телініп келген «Діни уағыз (бесінші нұсқа)» мәтінінің шын мәнінде дербес *фиқһ*тық трактат – «Рисала-йи жанайиз» екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Орталық ғылыми кітапхананың №1171 папкасындағы (А нұсқа) және әулеттік мұрағаттағы (Б нұсқа) қолжазбаларды салыстырмалы зерттеу арқылы мәтіннің құрылымы, бөлімдік жүйесі, жанрлық табиғаты айқындалды, ал бұған

дейінгі жарияланымдарда кеткен атаулық, мазмұндық және аудармалық қателіктер нақты мысалдармен көрсетілді.

Екі нұсқа негізінде сыни мәтін түзілді: мәтін араб графикасында қалпына келтіріліп, латын транслитерациясы жасалды және қазіргі қазақ тіліне ғылыми негізделген еркін аудармасы ұсынылды. Бұл жұмыс шығарманы ғылыми айналымға талапқа сай енгізуге мүмкіндік береді. Қолжазбалардың материалдық сипаттамасы (қағаз сапасы, жазу үлгісі, көшірушілік ерекшеліктер, реставрациялық белгілер) анықталып, мәтіннің толық емес бөліктері салыстырмалы түрде қалпына келтірілді.

Зерттеу барысында еңбектің тілдік қабатының күрделілігі айқындалды: мәтін түркі-шағатай негізінде жазылып, араб-парсы лексикасымен қатар қазақ, татар, түрік элементтерін қамтиды. Бұл жағдай оны қазақ исламдық жазба дәстүрінің өтпелі кезеңдегі үлгісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мәтінде ханафи мәзһабының классикалық дереккөздеріне сүйенген фикһтық мазмұн жүйелі түрде берілгені анықталды.

Еңбектің мазмұны тек ғибадаттық үкімдермен шектелмей, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік-этикалық болмысын бейнелейді. Әсіресе мирас мәселесінде әйелдердің құқықтарының бұзылуы, жаназа рәсіміндегі шектен шығушылықтар, *фидйа* мен *исқатқа* байланысты әлеуметтік қайшылықтар жөніндегі сын Мәшһүр Жүсіптің өзге шығармаларымен мазмұндық сабақтастықта қарастырылып, авторлық атрибуция мәселесі нақтыланды. Бұл тұрғыдан алғанда «Рисала-йи жанайиз» тек діни трактат емес, тарихи-этнографиялық және құқықтық дерек көзі ретінде де құнды.

Зерттеу нәтижелері қазақ исламдық құқықтық мәдениетінің XIX ғасырдағы көрінісін қайта пайымдауға, Мәшһүр Жүсіптің ғылыми тұлғасын жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл еңбек қазақ даласындағы ханафи-матуриди дәстүрінің практикалық қолданысын көрсететін жазба мұра ретінде маңызға ие.

Болашақта Мәшһүр Жүсіптің діни мазмұндағы басқа да қолжазбаларын кодикологиялық және сыни мәтін негізінде жариялау, оларды Орта Азиядағы ұқсас трактаттармен салыстыра зерттеу, сондай-ақ, цифрлық гуманитаристика құралдарын пайдалану арқылы мәтіндік корпус қалыптастыру маңызды ғылыми міндеттердің бірі болып табылады.

Осылайша, «Рисала-йи жанайиз» еңбегін ғылыми айналымға сыни мәтін негізінде енгізу қазақтың исламдық жазба дәстүрін жүйелі зерттеуге, ұлттық рухани мұраны жаңаша бағалауға және отандық деректану ғылымының әдістемелік аясын кеңейтуге нақты үлес қосады.

### Әдебиеттер:

Алтынсарин, 1884 – *Алтынсарин Б.* «Шарайит әл-ислам» (Мұсылманшылықтың тұтқасы). Қазан. Қазан университетінің баспаханасы, 1884. 76 б.

Дүйсенов т.б., 2018 – *Дүйсенов Б.Д., Назыр Х., Құрманбаева Қ.С.* Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «білім алу» жолы. «Керуен» журналы, № 2, 83-том, 2024. 119-136 бб. doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-09

Жаназа және жерлеу рәсімдері, 2017 – *Жаназа және жерлеу рәсімдері /* Баспаға дайындағандар: Е.А. Оңғаров, С.З. Ибадуллаев. Астана: «Дәуір» ЖШС РПБК. 148 б.

Жүсіпова, 2013 – *Жүсіпова Л.Қ.* Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – деректанушы: тарих (бакалавр) мамандықтарының студенттеріне және магистранттарына арналған оқу құралы. Павлодар: Кереку. 120 б

Китаб рисалат фи ал-жанаиз, 1902 – *Китаб рисалат фи ал-жанаиз.* Казань: Типо-Литография наследников М. Чарковой, 1902. 16 с.

Китаб рисалат фи ал-жанаиз, 1908 – *Китаб рисалат фи ал-жанаиз.* Казань: Типография Б.Л. Домбровскаго. 16 с.

Көпейұлы, 2021 – *Көпейұлы М. Ж.* Жетпіс бап. Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы. 312 б.

Қазақ қолжазбалары..., 1986 – Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы / XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары. Жауапты шығарушы: Әбішев Жарылғасын. Т. 5 / 5-кітап. – Алматы: Ғылым. 216 б.

Қазақ тілі..., 2008 – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 986 б.

Құдайбердіұлы, 2018 – *Құдайбердіұлы Ш.* Мұсылмандық кітабы. Құрастырғандар: Еспенбетов А., Смағұлова А., Өндірқан М. Семей: Абай институты, 2018. 219 б.

Мәшһүр Жүсіп, 2013 – *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы, 14-том. – Павлодар: ЭКО. 408 б.

Мәшһүр Жүсіп, 2013 – *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Шығармалары: 20 томдық шығармалар жинағы. 9-том. Павлодар: ЭКО. 468 б.

Мәшһүр Жүсіп, 2023 – *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Таңдамалы шығармалар жинағы. Үшінші кітап / Құрастырып, баспаға дайындаған К.М. Мұстафаева. Алматы: «Сенім болашақ» РҚБ, 2023. 336 б.

Некрасова, 2006 – *Некрасова Е.* Дахма // Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь / сост. и отв. ред. С.М. Прозоров. Москва: Вост. лит. 2006. С. 131–133.

ОҒК. №1171 папка, 1048 б.

ОҒК. №1835 папка, 271 б.

Рисала-йи жанайиз, 1905 – Рисалат фи ал-жанаиз. Казань: Типография Т-го Д-ма «Бр. Каримовыхъ». 16 с.

Рисала-йи жанайиз, 2024 – Рисала-йи жанайиз (Жаназа кітабы) / Баспаға дайындағандар: Х.И. Назиров, Ғ.Б. Ысқақов. Жауапты редакторы: Ә.Қ. Мүминов. Кітапты үйлестіруші: Б.Д. Дүйсенов. – Алматы: Алтын парақ. 260 б.

Шарапиев, 2023 – *Шарапиев А.* Мәшһүр Жүсіптің тылсым әлемі. Алматы: Дайк-Пресс, 2023. 384 б.

### References:

Altynsarin, 1884 – *Altynsarin Y.* «Sharayit al-islam» (Musylmanshylyktyн tutkasy). [Sharayit al-Islam. The Pillar of Muslim Faith]. Qazan. Qazan universitetiniң baspakhanasy, 1884. 76 b.

Duysenov t.b., 2018 – *Duysenov B.D., Nazyr Kh., Qurmanbayeva Q.S.* Mashhur Zhusip Kopeyulynyn «bilim alu» zholy. [The Educational Path of Mashkhour Jusip Kopeuly]. «Keruyen» zhurnaly, № 2, 83-tom, 2024. 119-136 bb. doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-09

Zhanaza zhane zherleu rәsimderi, 2017 – *Zhanaza zhane zherleu rasimderi* [Funeral and Burial Rites]./ Baspaga dayyndagandar: Ye.A. Ongarov, S.Z. Ibadullayev. Astana: «Daur» ZhShS RPBK. 148 b.

Zhusipova, 2013 – *Zhusipova L.Q.* Mashhur Zhusip Kopeyuly – derektanushy: tarikh (bakalavr) mamandyqtarynyn studentterine zhane magistrantтарына арналған оқу куралы. [Mashkhour Jusip Kopeuly as a Source Studies Scholar] Pavlodar: Kereku. 120 b

Kitab risalat fi al-zhanaiz, 1902 – *Kitab risalat fi al-zhanaiz.* [Treatise on Funerals]. Kazan: Tipo-Litografiya naslednikov M. Charkovoi, 1902. 16 s.

Kitab risalat fi al-zhanaiz, 1908 – *Kitab risalat fi al-zhanaiz.* [Treatise on Funerals]. Kazan: Tipografiya B.L. Dombrovskago. 16 s.

Kopeyuly, 2021 – *Kopeyuly M. Zh.* Zhetspis bap. [Seventy Chapters]. Pavlodar: ZhK «Syтин А.А.» baspakhanasy. 312 b.

Qazaq qolzhazbalary..., 1986 – Qazaq qolzhazbalarynyn gylymi sipattamasy / XX gasyr basyndagy aqyndar shygarmalary. Zhaupty shygarushy: Abishev Zharylgasyn. Т. 5 / 5-kitap. – Almaty: Gylым. 216 b.

Qazaq tili..., 2008 – Qazaq tilinin tıysındırme sozdıgi / Zhalpy redaktsiyasyn basqargan T. Zhanuzaqov. Almaty: Dayk-Press, 2008. 986 b.

Qudayberdiuly, 2018 – *Qudayberdiuly Sh.* Musylmandyq kitaby. [The Muslim Book] Qurastyrgandar: Yespenbetov A., Smagulova A., Ondırqan M. Semey: Abay instituty, 2018. 219 b.

Mashhur Zhusip, 2013 – *Mashhur Zhusip Kopeyuly.* Shygarmalary. 20 tomdyq shygarmalar zhinagy. [Collected Works in 20 Volumes. Volume 14]. 14-tom. – Pavlodar: EKO. 408 b.

Mashhur Zhusip, 2013 – *Mashhur Zhusip Kopeyuly.* Shygarmalary: 20 tomdyq shygarmalar zhinagy. [Collected Works in 20 Volumes. Volume 14]. 9-tom. Pavlodar: EKO. 468 b.

Mashhur Zhusip, 2023 – *Mashhur Zhusip Kopeyuly.* Tandamaly shygarmalar zhinagy. [Selected Works Collection Book Three]. Yshinshi kitap / Qurastyryp, baspaga dayyndagan K.M. Mustafayeva. Almaty: «Senim bolashaq» RQB, 2023. 336 b.

Nekrasova, 2006 – *Nekrasova Ye.* Dakhma // Islam na territorii byvshey Rossyskoy imperii: [Dakhma // Islam in the Territory of the Former Russian Empire: Encyclopedic Dictionary] Entsiklopedichesky slovar / sost. i otv. red. S.M. Prozorov. Moskva: Vost. lit. 2006. S. 131–133.

ОФК. №1171 папка, 1048 б.

ОФК. №1835 папка, 271 б.

Risala-yi zhanayiz, 1905 – Risalat fi al-zhanaiz. [Risala yi Janayiz . The Book of Funeral Rites.]. Kazan: Tipografiya T-go D-ma «Br. Karimovykh». 16 s.

Risala-yi zhanayiz, 2024 – Risala-yi zhanayiz (Zhanaza kitaby) [Risala yi Janayiz . The Book of Funeral Rites.]. / Baspara dayyndagandar: Kh.I. Nazirov, F.B. Ysqaqov. Zhaupty redaktory: A.Q. Muminov. Kitapy uylestirushi: B.D. Dyysenov. – Almaty: Altyn paraq. – 260 bet.

Sharapiyev, 2023 – *Sharapiyev A.* Mashhir Zhusiptin tylsym alemi. [The Mystical World of Mashkhur Jusip]. Almaty: Dayk-Press, 2023. 384 b.

<sup>1</sup>Дюсенов Б.Д., <sup>2</sup>Амирбекова С.К., <sup>3</sup>Пилтан Ю.

<sup>1,2</sup>Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>[bagdat75@inbox.ru](mailto:bagdat75@inbox.ru), <sup>2</sup>[sagynysh.amirbekova@mail.ru](mailto:sagynysh.amirbekova@mail.ru), <sup>3</sup>[yousefpiltan@gmail.com](mailto:yousefpiltan@gmail.com)

## ТРАКТАТ М.Ж. КОПЕЕВА «РИСАЛА-ЙИ ЖАНАЙИЗ»: КОДИКОЛОГИЯ, АТРИБУЦИЯ, КРИТИЧЕСКИЙ ТЕКСТ

**Аннотация.** В статье представлен кодикологический, текстологический и источниковедческий анализ труда Машхур Жусипа Копеева «Рисала-йи жанайиз». Объектом исследования стали две рукописные версии: версия А, хранящаяся в папке №1171 фонда редких книг и рукописей Центральной научной библиотеки «Ғылым ордасы» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, и версия Б, находящаяся в семейном архиве. Текст, ранее опубликованный в 20-томном собрании сочинений Машхур Жусипа Копеева под названием «Діни уағыз (бесінші нұсқа) / «Религиозная проповедь (пятая версия)», подвергнут повторному исследованию; установлено его подлинное название и жанровая природа, доказано, что это самостоятельный трактат «Рисала-йи жанайиз». В статье описываются структура рукописей, характеристики бумаги, тип письма (*наст'алик*), почерковые особенности переписчиков, расположение листов и текстологические дефекты, а также излагаются принципы составления критического текста на основе двух версий. Критический текст представлен в арабской графике, сопровождается транслитерацией латиницей и современным казахским переводом. В ходе исследования выявлены языковые особенности труда (тюрко-чагатайская основа, арабо-персидская лексика, казахские, татарские и турецкие элементы), а также его источники (классические труды ханафитского мазхаба, аяты Корана и хадисы). Проанализированы вопросы похоронных обрядов, наследования (*мирас*), *фидьи*, *иската* и

даура. Социально-этическая критика, отражённая в тексте, в частности проблемы наследственных прав женщин и искажения погребальных практик, сопоставляется с другими произведениями Машхур Жусипа Копеева для уточнения авторской атрибуции. В заключение делается вывод о том, что «Рисала-йи жанайиз» представляет собой не только религиозно-правовой трактат, но и ценный источник по изучению правовой, этнографической и духовной жизни казахского общества XVIII–XIX веков. Введение произведения в научный оборот на основе критического текста способствует новому осмыслению наследия Машхур Жусипа Копеева и развитию исследований казахской исламской письменной традиции.

**Благодарность:** Статья выполнена в рамках проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (РН: BR28712621) «Рукописное наследие Казахстана: реестрирование, реставрация, научная каталогизация, оцифровка и комплексные кодикологические исследования».

**Ключевые слова:** Машхур Жусип, рукопись, источниковедение, библиотека, кодикология.

<sup>1</sup>Dyussenov B., <sup>2</sup>Amirbekova S.K., <sup>3</sup>Piltan Y.

<sup>1,2</sup>R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup>[bagdat75@inbox.ru](mailto:bagdat75@inbox.ru), <sup>2</sup>[sagynysh.amirbekova@mail.ru](mailto:sagynysh.amirbekova@mail.ru), <sup>3</sup>[yousefpiltan@gmail.com](mailto:yousefpiltan@gmail.com)

## M.ZH. KOPEULY'S TREATISE RISALA-YI JANĀYIZ: CODICOLOGY, ATTRIBUTION, AND CRITICAL TEXT

**Abstract.** The article presents a codicological, textological, and source studies analysis of *Risāla-yi Janāyiz*, a work belonging to the heritage of Mashkhur Jusip Kopeuly. The research is based on two manuscript copies: Version A preserved in Folder No. 1171 of the Rare Books and Manuscripts Collection of the Central Scientific Library of the Gylm Ordasy under the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, and Version B kept in a family archive. The text previously published in the 20-volume collected works of Mashkhur Jusip under the title “Religious Sermon (Fifth Version)” is re-examined, and its authentic title and genre are clarified, proving that it is an independent *fiqh* treatise entitled *Risāla-yi Janāyiz*. The article describes the structure of the manuscripts, the characteristics of the paper, the writing style (*nasta'liq*), scribal features, the arrangement of folios, and textual defects, and outlines the principles of establishing a critical edition based on the two versions. The critical text is presented in Arabic script, accompanied by its transliteration into Latin script and a modern Kazakh free translation. The study identifies the linguistic layer of the work (Turki-Chagatai basis, Arabic-Persian vocabulary, Kazakh, Tatar, and Turkish elements), as well as its *fiqh* sources (classical works of the Hanafi school, Qur'anic verses, and hadiths). The content related to funeral rites, inheritance, *fidya*, *isqat*, and *daur* practices is analyzed. The socio-ethical criticism reflected in the text, particularly concerning women's inheritance rights and distortions in funeral practices, is compared with Mashkhur Jusip's other works to clarify issues of authorship attribution. The study concludes that *Risāla-yi Janāyiz* is not merely a religious-legal treatise but also a valuable source reflecting the legal, ethnographic, and spiritual life of Kazakh society in the eighteenth and nineteenth centuries. Introducing the work into scholarly circulation through a critical edition contributes to a new understanding of Mashkhur Jusip's legacy and promotes further research into the Kazakh Islamic written tradition.

**Acknowledgments:** The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

entitled “Manuscript Heritage of Kazakhstan: Registration, Restoration, Scholarly Cataloguing, Digitization, and Comprehensive Codicological Studies” (Registration No. BR28712621).

**Keywords:** Mashkhur Jusip, manuscript, source studies, library, codicology.

Авторлар туралы мәлімет:

Бағдат Дюсенов, PhD, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова, PhD, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Юсуф Пилтан, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Бағдат Дюсенов, PhD, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Амирбекова Сағыныш Копеновна, PhD, научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Юсуф Пилтан, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Dyussenov Bagdat, PhD, Researcher, R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Sagynysh Kopenovna Amirbekova, PhD, Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Piltan Y., Researcher, M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 8 желтоқсан 2025 жыл  
Қабылданды 25 қаңтар 2026 жыл*